

6D110200 – «Қоғамдық денсаулық сақтау» мамандығы бойынша
философия докторы (PhD) дәрежесін алу үшін дайындалған
Б.Ә. Омарованың «Балалар денсаулығының аймақтық даму бағыты мен оны
жақсартудың ғылыми негіздері (Оңтүстік Қазақстан облысы мысалында)»
тақырыбындағы диссертациялық жұмысына

ҒЫЛЫМИ КЕҢЕСШІНІҢ ШІКІРІ

Б.Ә. Омарованың «Балалар денсаулығының аймақтық даму бағыты мен оны жақсартудың ғылыми негіздері (Оңтүстік Қазақстан облысы мысалында)» атты диссертациялық жұмысы Оңтүстік Қазақстан (Түркістан) облысындағы балалардың денсаулық жағдайын кешенді зерттеу негізінде, балалардың денсаулық көрсеткіштерінің заманауи үрдісін анықтауға, жиі ауыратын балалардың жастық, жыныстық және тұрғын-аумақтық, әлеуметтік - экологиялық ерекшеліктеріне қарай кешенді сауықтыру шараларын ғылыми тұрғыда негіздеуге арналған.

Бұл жұмыстың ғылыми жаңашылдығы зерттелінді аймақтағы балалар денсаулығына кешенді баға берілген; адекватты медициналық-статистикалық әдістердің көмегімен, балалар популяциясы денсаулығының жыныстық-жастық, әлеуметтік-топтық ерекшеліктері анықталған; балалар денсаулығын арттыруға бағытталған профилактикалық шаралар ғылыми тұрғыда негізделген және оның тиімділігі анықталған.

Диссертациялық жұмыс кіріспеден, аталған мәселенің қазіргі таңдағы ахуалына шолудан, зерттеу әдіснамасынан, жеке зерттеу жұмысынан, тұжырым, қорытынды, тәжірибелік ұсыныстар, пайдаланылған әдебиеттер тізімінен құралған. Кіріспеде жүргізілген зерттеу жұмысының өзектілігі толығымен ашылған, мақсаттар қойылып, зерттеу міндеті анықталған, сондай-ақ ғылыми жаңашылдық пен тәжірибелік маңыздылығы көрсетілген.

Бұл жұмыс, сөзсіз, тәжірибелік маңызға ие және оның нәтижелері Қазақстандағы балаларға көмек көрсетуді жетілдіру құралы ретінде қолданыла алады.


Б.Ә. Омарованың диссертациялық жұмысы берілген міндеттерді шешудің жана нақты шешімдерін қамтитын, аяқталған дербес ғылыми-зерттеу жұмысы болып табылады.

Б.Ә. Омарованың жүргізген зерттеу жұмысы автордың ғылыми талдау әдістерін жеткілікті меңгергенін, терең ғылыми ізденістер жүргізу даярлығының жоғары деңгейде екенін аңғартады.

Диссертациялық жұмыстың негізгі нәтижелері Scopus мәліметтер базасына кіретін халықаралық басылымда мақаласы жарияланған, отандық және шетелдік халықаралық ғылыми-тәжірибелік конференцияларда, ҚР Білім және Ғылым Министрлігінің Білім және Ғылым саласындағы бақылау комитеті ұсынған ғылыми басылымдарда мақалалары талапқа сай жарияланған.

Бұл зерттеу жұмысы «Ғылыми дәрежелерді беру ережелерінің» талаптарына сәйкес келетіндігін толығымен мақұлдаймын және оның авторы, Омарова Балнұр Әділбекқызының 6D110200 – «Қоғамдық денсаулық сақтау» мамандығы бойынша философия докторы (PhD) ғылыми дәрежесін алуға лайықты деп санаймын.

Қ.А. Ясауи атындағы ХҚТУ
Медицина факультетінің деканы,
м.ғ.д., профессор



Молдалиев И.С.



ҚАБЫЛДЫ
РАСТАЙМЫН
Қ.А. Ясауи атындағы
Халықаралық медициналық университеті
Медицина факультеті
Молдалиев И.С.